

Техникалық реттеу облысындағы құжаттармен танысу

Осы Заң техникалық реттеу саласында өнімдерге, көрсетілетін қызметке, өмірлік цикл процестеріне қойылатын міндетті талаптарды айқындау, белгілеу, қолдану және орындау, сәйкестікті растау, аккредиттеу және мемлекеттік бақылау жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасында өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің және процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің құқықтық негіздерін белгілейді.

- 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
- **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**
- Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
- 1) аккредиттеу - аккредиттеу жөніндегі орган өтініш берушінің белгілі бір салада техникалық реттеу объектілерінің белгіленген талаптарға сәйкестігін растау жөніндегі жұмыстарды орындауға құзыреттілігін ресми танитын рәсім;
- 2) (алып тасталды - ҚР 2008.07.05. [№ 62-IV](#) (қолданысқа енгізілу тәртібін [2-баптан](#) қараңыз) Заңымен;
- 3) (алып тасталды - ҚР 2008.07.05. [№ 62-IV](#) (қолданысқа енгізілу тәртібін [2-баптан](#) қараңыз) Заңымен;
- 4) аккредиттеу саласы - аккредиттеу қолданылатын, ресми танылған сәйкестікті бағалау объектілері;
- 4-1) алып тасталды - ҚР 05.10.2018 [№ 184-VI](#) Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 5) аудит (сәйкестікті растау саласындағы) - сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органдардың және (немесе) сынақ зертханаларының (орталықтарының) қызметін жүйелі, тәуелсіз құжатталған талдау, сондай-ақ өтінім берушінің бастамасы бойынша